

28 тамыз  
Бейсенбі,  
2025 жыл

[uil-gazet@mail.ru](mailto:uil-gazet@mail.ru)

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

# Ойыл

## «КЕШЕҮІЛДЕГЕН ЖОЛ – ҚАЙТА ЖАНҒАН ҮМІТ»



Жол – елдің күре тамыры. Жол болған жерде өркениет бар, тыныс бар, тіршілік бар. Талай жыл бойы жосықсыз мердігердің кесірінен аяқсыз қалған Ойыл–Қараой бағытындағы жолдың тағдыры халық арасында «жолдың жырына» айналғаны жасырын емес. Қанша уәде берілсе де, қанша рет қазық қағылса да, нәтиже болмаған соң жұрттың көңілі қоңылтақсып қалған. Бірақ биылғы жылдың басты жаңалығы – сол көптен күт-

кен жұмыс қайта басталып, ауылға жаңа үміт сыйлады. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев осыған орай Сарбие, Қараой ауылдық округтерінде болып, бірқатар нысандардың жұмыс барысымен танысты. Әуелі ауыл мектептерінің жаңа оқу жылына дайындығын қадағалап, білім ұяларының бала үшін жайлы болуы – басты талап екенін атап өтті. Сонымен бірге Қараой ауылдық округіндегі мәдениет ошағында жүргізіліп жатқан күрделі жөндеуді

де назардан тыс қалдырмады. Алайда сапардың басты бағыты – жол. Жолдың тағдыры тек асфальт пен қиыршық тасқа тірелмейді, ол халықтың өміріне тікелей әсер етеді. Қазір Ойыл–Қараой бағытындағы 30–45 шақырым аралығында орташа жөндеу жұмыстары қарқын алған. Асфальт төсеу ісін «Зап-КазПромСтрой» ЖШС жүргізуде. Аудан басшысы құрылыс басында жауапты тұлғаларға сапаға қатаң талап қойып,

әрбір істің халықтың аман-дығы мен игілігі үшін жасалып жатқанын еске салды. Жергілікті жұрт та жолдың қайта жөнделіп жатқанына дән риза. Иә, жолдың мұраты – жету. Осы жол халықтың қуанышқа жеткізсе, еңбектің өтеуі де, мердігердің абыройы да, әкімнің уәдесі де ақталғаны. Жаңа асфальт ауылдың күре тамырына айналып, елдің ырысын еселей бермек.

**Гаухар АЛЕКСЕЕВА,**  
**Ойыл селосы.**

## БАЛАЛАРДЫҢ ҚУАНЫШЫ - ЕЛ АҒАСЫНЫҢ СЫҒЫ



Жаңа оқу жылы – әр отбасы үшін қуанышты әрі толқынсты кезең. Әсіресе мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндердің жүзіндегі шаттықты көргенде, олардың арманына қанат біткендей әсер аласың. Сол қуанышқа себепкер болып жүрген жанашыр азаматтың бірі – белгілі кәсіпкер, меценат, «Анвар» ЖШС президенті Талғат Маратұлы Салфиқов. Ол бірнеше жылдан бері дәстүрге айналған қайырымды ісін биыл да жалғастырды. «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында Ойыл ауданының білім беру ұйымдарында 2025–2026 оқу жылында мектепке алғаш барғалы отырған 357 оқушыға мектеп сөмкелері мен оқу

құралдарын сыйға тартты. Ауданның дамуына өзіндік үлесін қосып жүрген Талғат Маратұлының еңбегін ерекше атап өткен жөн. Ол тек бұл акцияға ғана емес, жалпы өңірдің өркендеуіне белсене араласып келеді. Әлеуметтік мәселелерге көңіл бөліп, түрлі мәдени-бұқаралық шараларға қолдау көрсетіп жүр. Халықтың жағдайына бейжай қарамайтын, әрқашан демеушілік танытуға дайын азамат ретінде жұртшылық арасында зор құрметке ие. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, ел ағасының қамқорлығы көпке үлгі болып, өскелең ұрпақтың жүрегіне сенім, жүздеріне шаттық сыйлайды.

**ГАБАЙҚЫЗЫ**

## ЖАСТАРДЫҢ ЕҢБЕГІ — АУДАНЫҢ КӨРКІ

**ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫ ТИІМДІ ӨТКІЗУДІҢ БІР ЖОЛЫ – ЕҢБЕККЕ АРАЛАСЫП, ТУҒАН ЖЕРДІ КӨРКЕЙТУГЕ ҮЛЕС ҚОСУ. БҰЛ РЕТТЕ “ЖАСЫЛ ЕЛ” ЖАСАҚШЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ АЙРЫҚША. ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ДА ЖАСТАР ОСЫ ИГІ ІСКЕ БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСЫП, ЕЛДІҢ ДАМУЫНА ӨЗІНДІК ҮЛЕС ҚОСЫП ЖҰР.**

Өткен аптада аудан әкімі Асқар Қазыбаев орман шаруашылығында көгалдандыру жұмыстарын атқарып жатқан жасақшылармен кездесті. Ол жастардың еңбегіне оң бағасын беріп, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі. Қазіргі таңда аудан бойынша тамыз айында 35 жас “Жасыл ел” құрамында еңбек етуде. Олар көшелерді абаттандырып, тал-терек отырғызып, гүлзарларды күтіп-баптауда. – «Жасыл ел» бағдарламасы – жастарды еңбекке баулитын

әрі туған жерге жанашырлық сезімін арттыратын жоба. Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында ауданымыз көркейіп отыр. Алдағы жаңа оқу жылы да табысты болсын!», – деді аудан басшысы Асқар Қазыбаев. Жалпы алғанда, “Жасыл ел” бағдарламасы еліміз бойынша жастарды еңбекке жұмылдырып, табиғатты қорғау ісіне үлкен серпін беріп отыр. Ойылдық жастардың да бұл бастамаға белсене араласуы – туған жерге деген сүйіспеншіліктің жарқын көрінісі.



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ, ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ ҚАЗЫБАЕВ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫНЫҢ АУДАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫН ҚҰТТЫҚТАУЫ



**Құрметті жерлестер, Ойылдықтар және аудан қонақтары!**

Еліміздің тарихындағы маңызы ерекше мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Конституция – болашақ табыстар мен алға қойылған мақсаттарды шешудің алтын діңгегі. Бұл мереке – еліміздің құқықтық негіздерінің, демократиялық құндылықтарының және азаматтық қоғамның дамуының символы.

1995 жылы қабылданған Конституциямыз – тәуелсіздігіміздің, бірлігіміздің және тұрақтылығымыздың негізі. Ол біздің құқықтарымыз бен міндеттерімізді айқындап, еліміздің болашағын жарқын ету үшін маңызды рөл атқарады. Міне биыл біздің еліміздің басты құжаты Конституциямызға 30 жыл толып отыр. Осы 30 жыл ішінде Конституциямыз еліміздің дамуында, азаматтық қоғамның қалыптасуында және құқықтық мемлекеттің құрылуында үлкен үлес қосты.

Негізгі заң қабылданған күннен бастап елімізде халықтың әл-ауқатын жақсартатын маңызды реформалар өткізілді. 2022 жылдың 5 маусым күні еліміздің Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жалпыұлттық референдум өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Конституцияға енгізілген түзетулер азаматтардың мүддесін, құқығын және бостандығын қамтамасыз ететін, «әлеуметтік әділеттілік – басты құндылық және жаңа қоғамдық келісімнің тірегі» екенін атап өтті.

Бұл енгізілген өзгерістер мен толықтырулар еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында басты межелер айқындады. Белгіленген жаңа межелерді абыроймен игеруде барша жерлестер күш-жігерін жұмсап, өзіндік үлестерін қосып келе жатқанын толық сенімде айта аламын.

Ата заңымыз – тірлігі мен татулығы жарасқан барлық ұлттардың Қазақстанның бір шаңырағы астында алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етті, еліміздің баға жетпес қымбат қазынасына айналды.

Бүгінде Қазақстан демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет, өркениетті қоғам құру жолында өз бағытын берік ұстанып келеді.

Сондықтан да барша жұртшылық бұл күнді айрықша қадірлейді және болашағының бүгінгіден де нұрлы боларына нық сенеді.

**Қадірменді Ойылдықтар!**

Қазіргі таңда біз конфессияаралық келісімнің болуына, тұрақтылыққа, экономикадағы табыстардың барлығына да Конституцияның негізінде қол жеткіздік. Бұл таңдауды бағалауымыз және құрметтеуіміз қажет. Заңмен өмір сүру – бұл демократияның жоғарғы мектебі болып табылады.

Сондықтан баршаңызды Ата Заңымыздың мерекесімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық, береке-бірлік тілеймін.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**Құрметпен Ойыл ауданының әкімі А.Қ. Қазыбаев**

**АКЦИЯ**

## БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ - БАҚЫТТЫ ЕЛ

Отбасы – қоғамның ең негізгі тірегі, мемлекеттің тұрақтылығы мен дамуының бастауы. Әрбір адамның жеке тұлға болып қалыптасуы отбасындағы тәрбиеге тікелей байланысты. Сол себепті отбасындағы береке мен ынтымақ елдің болашағына әсер ететін маңызды фактор болып саналады. Қазақстанда отбасын қолдау саясатына ерекше мән берілуде. Бақытты отбасы – мықты қоғамның кепілі. Осыған орай ағымдағы жылдың тамыз айының 27-сінен бастап отбасы күніне орай, «Бақытты отбасы-бақытты ел» атты республикалық акциясы бастау алады. Акцияның мақсаты-зорлық зомбылыққа ұшыраған отбасы мүшелеріне психологиялық, құқықтық көмек көрсету, отбасы құндылықтарын арттыру, зорлық зомбылық құрбандарын оңалту бағытында қызмет көрсету, бұқаралық ақпарат құралдарына сенім телефондары мен дағдарыс орталықтары

туралы мағлұмат беру халық арасында құқықтық түсіндірме жұмыстарын өткізу, тұрмыстық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған. Бүгіннен бастап жұртшылыққа буклеттер, ақпараттық қағаздар тарату арқылы сауаттандыру шаралары жүргізіледі. Ойыл ауданы Полиция бөлімінің жеке және сенім телефондары 87133221898 немесе 102 оператор пультаға хабарласу арқылы тәулік бойы жәбір көргендермен жұмыс істейтін болады. Сонымен қатар, ауданымызда жаңадан ашылған «Қамқор» отбасын қолдау орталығы зорлық зомбылық құрбандарына психологиялық көмек көрсетеді. Аудан тұрғындарын осы акцияға белсене қатысуға шақырамыз. Акция 10 қыркүйекке дейін жалғасады.

**А.ҚҰСПАНҚЫЗЫ,**  
**Ойыл ауданы ПБ ОТЗЗҚК**  
**аға инспекторы,**  
**полиция аға лейтенанты.**

САЙЛАУ-2025

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 101-бабының 3-1, 6-тармақтарына сәйкес Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 2025 жылғы 26 қазанға Ойыл ауданының №9 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалғанның орнына Ойыл аудандық мәслихаты депутатының сайлауын тағайындады.

Мәслихат депутаттығына кандидаттарды ұсыну: 2025 жылдың 27 тамызынан басталып, 25 қыркүйек күні сағ.18.00-де аяқталады

№9 округ орталығы: Қараой ауылы, Жасқайрат көшесі, 26, тел. 8(71332) 73-7-20. «Қараой мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Округ шекаралары: Қараой ауылдық округінің Қараой және Құбасай ауылдары мен Сарбие ауылдық округінің Қаракөл ауылы және Саралжын ауылдық округінің Шиқұдық ауылының шекараларында.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2025 жылғы 27 тамыз №19 Ойыл ауылы Ойыл аудандық мәслихатының №9 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған мәслихат депутатының орнына сайлауды тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 14-бабының 2-3) тармақшасына, 101-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, 3-1 және 6-тармақтарына, 103-бабының 7-тармағына, 104-бабының 8-тармағына сәйкес Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. №9 сайлау округі бойынша шығып қалған Ойыл аудандық мәслихаты депутатының орнына сайлау 2025 жылғы 26 қазанға тағайындалсын.

2. Кандидаттарды ұсыну 27 тамызда басталып, 2025 жылдың 25 қыркүйегі күні сағат 18.00-де аяқталсын. Кандидаттарды тіркеу 27 тамызда басталып, 2025 жылдың 30 қыркүйегі күні сағат 18.00-де аяқталсын.

3. Осы қаулыға берілген қосымшаға сәйкес 2025 жылдың 26 қазанына тағайындалған Ойыл аудандық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары бекітілсін.

4. Осы қаулы «Ойыл» газетінде жариялансын және сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы: Б.Бисекенов

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы: Н.Көнжебеков

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ, ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫН САЙЛАУ БОЙЫНША ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ ХАБАР

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Ойыл ауданы Ойыл ауылы Көкжар көшесі 69, «Ойыл ауылдық округі өкімінің аппараты»ММ ғимараты, 315 бөлме, телефон: (8-71332) 2-16-10

Бисекенов Берік Төлеуұлы-төраға Бақтыгереев Сәбит Бақытұлы-төрағаның орынбасары Көнжебеков Нұрсұлтан Бисембайұлы -хатшы

Комиссия мүшелері: Досымбаева Мира Бауыржанқызы Қартбаев Серік Сағынұлы Маханова Самал Асқарқызы Назаров Әлішер Жүсіпқалиұлы

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫН САЙЛАУ БОЙЫНША БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

№9 округтік сайлау комиссиясы Қараой ауылы, Жасқайрат көшесі 26 «Қараой мектеп-балабақшасы» КММ ғимараты, -телефон: 8 (71332) 73-7-20

Хамзин Жақсылық Самиғоллаұлы- төраға Иманғалиев Ербол Жақсыбайұлы-төрағаның орынбасары Сүйеуғалиева Қарылғаш Қонысбайқызы- хатшы

Комиссия мүшелері Аханова Роза Әділханқызы Бисевова Айтбике Аманғосқызы

|                                                                                                                                                                                          |        |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|
| 2025 жылғы 26 қазанға тағайындалған, шығып қалғанның орнына №9 бірмандатты сайлау округі бойынша Ойыл аудандық мәслихатының депутатын сайлаудағы учаскелік сайлау комиссияларының құрамы |        |
| № 405 учаскелік сайлау комиссиясы Қаракөл ауылы, Абай көшесі 10, «Қаракөл бастауыш мектебі»КММ ғимараты, телефон (871332)73-7-16                                                         |        |
| Нұржанова Құндызай Құмарқызы                                                                                                                                                             | төраға |

|                                                                                                                                        |                      |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------|
| Динуллин Еділ Аралбайұлы                                                                                                               | төрағаның орынбасары |
| Батырханқызы Анар                                                                                                                      | хатшы                |
| Комиссия мүшелері:                                                                                                                     |                      |
| Бюрина Ақсұлу Хайроллақызы                                                                                                             |                      |
| Түймешова Эльмира Мұхамбетқызы                                                                                                         |                      |
| № 406 учаскелік сайлау комиссиясы Қараой ауылы,Еңбеккерлер көшесі 2, Қараой ауылдық клубының ғимараты, телефон (871332)73-6-01         |                      |
| Исмагулов Амангелді Сапартілеуұлы                                                                                                      | төраға               |
| Базанов Ізмұқан Наурызбайұлы                                                                                                           | төрағаның орынбасары |
| Қалиева Перизат Жалғасбайқызы                                                                                                          | хатшы                |
| Комиссия мүшелері:                                                                                                                     |                      |
| Серік Жібек Серікқызы                                                                                                                  |                      |
| Болатова Данагүл Қамбарқызы                                                                                                            |                      |
| № 407 учаскелік сайлау комиссиясы Құбасай ауылы,Қызылқорған көшесі 7, «Құбасай бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон (871332)73-7-37 |                      |
| Әміржанов Құрбанбай Жолмырзаұлы                                                                                                        | төраға               |
| Есқайыров ӨзілханЖолдығалиұлы                                                                                                          | төрағаның орынбасары |
| Тілекбаева Заманай Халелқызы                                                                                                           | хатшы                |
| Комиссия мүшелері:                                                                                                                     |                      |
| Бисенқұлова Айсәуле Сатыбалдықызы                                                                                                      |                      |
| Құбашева Гүлденай Бекболатқызы                                                                                                         |                      |
| № 409 учаскелік сайлау комиссиясы Шиқұдық ауылы,Қ.Рысқұлбеков көшесі 18,Шиқұдық ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)74-1-43        |                      |
| Аяпбергенов Мереке Ерекешұлы                                                                                                           | төраға               |
| Бейсова Айгүл Ескендірқызы                                                                                                             | төрағаның орынбасары |
| Сисенбаев Даулеткелді Жұмағалиұлы                                                                                                      | хатшы                |
| Комиссия мүшелері:                                                                                                                     |                      |
| Мақсот Асылан Алпамысұлы                                                                                                               |                      |
| Сапарова Мейізгүл Орынбасарқызы                                                                                                        |                      |

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы: Б.Бисекенов

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы: Н.Көнжебеков

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТЫН САЙЛАУ ЖӨНІНДЕГІ БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

№9 сайлау округі Қараой ауылы, Жасқайрат көшесі , 26, «Қараой мектеп-балабақшасы» КММ, телефон: 871332-73-7-20

Қараой ауылдық округінің Қараой және Құбасай ауылдары және Сарбие ауылдық округі Қаракөл ауылы мен Саралжын ауылдық округі Шиқұдық ауылының шекараларында.

ОЙЫЛ АУДАНЫ АУМАҒЫНДАҒЫ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

№ 405 сайлау учаскесі Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Сарбие ауылдық округі Қаракөл ауылы Абай көшесі 10, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаракөл бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты. Сайлау учаскесінің шекаралары: Қаракөл ауылы: Абай көшесі.

№ 406 сайлау учаскесі Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Қараой ауылдық округі Қараой ауылы Еңбеккерлер көшесі 2, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Қараой ауылдық клубы. Сайлау учаскесінің шекаралары: Қараой ауылы: Тәуелсіздік, Жетікөл, Еңбеккерлер, Қазақстан-2030, Ынтымақ, Алашорда, Бауыржан Момышұлы, Өркениет, Жасқайрат, Желтоқсан көшелері.

№ 407 сайлау учаскесі Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Қараой ауылдық округі Құбасай ауылы Қызылқорған көшес 7, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Құбасай бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты. Сайлау учаскесінің шекаралары: Құбасай ауылы: Қызылқорған, Бейбітшілік көшелері.

№ 409 сайлау учаскесі Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саралжын ауылдық округі Шиқұдық ауылы Қайрат Рысқұлбеков көшесі 18, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Шиқұдық ауылдық клубының ғимараты. Сайлау учаскесінің шекаралары: Шиқұдық ауылы: Теректі, Қайрат Рысқұлбеков көшелері.

Аудан өкімі: А.Қазыбаев

ЕГІН ШАБУ, ОРМАН АЙМАҒЫНДА ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ



1. Егін жинау науқаны — ауыл шаруашылығы саласындағы ең маңызды әрі қауырт кезеңдердің бірі. Бұл мезгілде техника мен адам күші жоғары қарқынмен жұмыс істейді, ал ауа райының ыстық әрі құрғақ болуы өрт шығу қаупін еселейтүседі. Сондықтан егін шабу кезінде өрт қауіпсіздігін сақтау — әрбір агроном, механизатор және шаруашылық басшысы үшін аса маңызды міндет.

**Өрттің негізгі себептері:**

1. Астық алқаптарында тұтанғыш материалдардың (құрғақ сабан, шөп, жанар-жағармай қалдықтары) көп болуы;

2. Ауыл шаруашылығы техникаларының техникалық ақаулары (электр сымдарының қысқа тұйықталуы, мотор қызып кетуі);

3. Темекі шегу немесе отты абайсыз пайдалану;

4. Найзағай түсуі;

5. Желдің күшеюі, оттың жылдам таралуына ықпал етеді.

**Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары:**

- Техникаларды күн сайын тексеріп, техникалық ақауларды жою;

- Комбайндар мен тракторларды ұшқын өшіргіштермен (искрогаситель) жабдықтау;

- Өр техникада өрт сөндіргіш құралдары (огнетушитель), күрек, су немесе құм қоры болуы тиіс;

- Астық алқаптары мен шаруа қожалығы арасындағы егістікті минералданған жолақтармен (өрттен қорғайтын өңделген жолақ) бөлу;

- Шаруашылық қызметкерлеріне өрт қауіпсіздігі жөнінде нұсқаулық өткізу;

- Ашық от жағуға, темекі тартуға қатаң тыйым салу;

- Өрт шыққан жағдайда жедел әрекет ету жоспары мен байланыс құралдарын әзірлеу.

**Қорытынды:**

Өрт — бір сәттік бейқамдықтың салдарынан орасан зор шығынға әкелуі мүмкін. Сондықтан әрбір қызметкер егін шабу кезіндегі қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтап, ұжымдық жауапкершілікті сезінуі тиіс. Қауіпсіздік — табысты өнім кепілі.

ОРМАН АЙМАҒЫНДА ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ



Жазғы маусым — табиғат аясында демалуға ең қолайлы уақыт. Алайда орман аймағында демалу кезінде өрт қауіпсіздігін сақтау аса маңызды. Құрғақ шөп пен ағаштар аздаған ұшқыннан-ақ лап етіп жанады. Сондықтан әрбір демалушы табиғатты аялаумен қатар, өрттің алдын алу шараларын қатаң сақтауы қажет.

**Өрттің шығу себептері:**

1. Жанып тұрған отты қараусыз қалдыру;

2. Темекі тұқылын сөндірмей тастау;

3. Шыны бөтелкелер мен қоқыстар арқылы күн сәулесінің линза тәрізді әсер етуі;

4. Арнайы емес орындарда от жағу;

5. Адам әрекетімен байланысты абайсыздықтар.

**Өрт қауіпсіздігін сақтау ережелері:**

- Отты тек арнайы рұқсат етілген жерлерде жағу;

- От жаққан соң толық сөндіріп, топырақпен көму;

- Сөндірілмеген темекі тұқылдарын тастамау;

- Шыны бөтелке, қоқыс қалдырмау — олар күн сәулесін шоғырландырып, өртке себеп болуы мүмкін;

- Балалар мен жасөспірімдердің отпен ойнауына жол бермеу;

- Өрт шыққан жағдайда дереу 112 немесе 101 нөміріне хабарлау.

**Қорытынды:**

Орман — халқымыздың ұлттық байлығы, ал оны қорғау — әрбір азаматтың міндеті. Демалысты жақсы өткізу үшін, өрт қауіпсіздігін сақтап, табиғатты аялайық.

# АЙ ЖЕРДІ ЖЕТЕЛЕП ЖҮРЕДІ

— Неге шертесің?  
— Құлағыңа қызығып кеттім. «Мені шертші» дегендей қалқайып тұр екен.  
— Ал, сенің құлағың «мені жұлып алшы» дегендей жал-бырап тұр.  
— Ека.  
— Не?  
— Менің атым — Ека.  
— Болса қайтейін?  
— Өй, сен өзің қызық жігіт екенсің. Таныспаймыз ба?  
— Ерболсын.  
— О, сені «Ерка» десек болады екен! Қалада «Ерболсын», «Еркеғали» деп атыңды созып, ауылбайшыламай-ақ қой. Қалада қысқа қайырасың. Ерка, түсіндің бе?  
— Түсіндік.  
— Түсінсең жүр, таң атты, Күн шықты. Сенің мұнда ғашығын күткендей сарылып, сарғайып отыра бергенінді немесе алтынын жоғалтқан адамдай айналсоқтап жүргенінді мелиса ағайлар көшірмейді. Қолыңды бұрап апарады да, камераға бір-ақ тығады. Жүр.

— Жүргенде қайда барамыз?  
— Көшеге шықпаймыз ба? «Жүргенге жөргем ілінеді» деуші ме еді...  
— Ека, сен жөнді де, сөзді де білетін жігітке ұқсайсың. Ал, баста!  
— «Албасты» дейсің бе?  
— «Ал, баста» деймін, жол баста. Сен де бір... сөзді бұрмалап.  
Ека екеуміз ә дегеннен-ақ әзілге ойысқан жаңа таныстығымыздан жақындық тапқандай жайрандасып қалдық.

— Ека, сен де мен сияқты ауылдан келдің бе?  
— Ауылдан келгенім көрініп тұрған жоқ па, не?  
— Көрініп тұр.  
— Көрініп тұрса, несін сұрайсың?  
— Сұрайын дегенім: «қаланы жақсы білесің бе?» дегенім ғой. Таң атпастан вокзалда неғып жүрсің? Әлде ауылдан кеше ғана келіп, осында түнеп қалып па едің?  
— Танысымды шығарып салғанмын. Танысымды шығарып салып, вокзалдың ішін бір сүзіп шығайын дегем, кірсем — қоңыр чемоданыңды құшақтап, құлағың қалқайып сен ұйықтап отыр екенсің орындықта. Құлағыңа қызығып кеттім де шертіп қап ояттым.

— Ой, сен менің құлағыңды айта бердің ғой. — Мен жаңа танысымды тани түсуге талаптанып тағы бір сұрақтар қоюға ыңғайланғам, алды-артыма қарасам — көптің қарасы үзілген тасалау бір жерге келіп қалыппыз: алдымыздан көлденеңдеп, түсін суыта дүрдіген 4-5 бала шыға келді.  
— Осы ма? — деді әлгілердің бірі Екаға ежірейе қарап.  
— Осы, — деді ол.  
— Ей, сен, кеше түнде, біздің мына Еканың ақшасын ұрлап алыпсың ғой? — деді әлгі ежірейген кірпі бас. — Мен жылы сөйлеп, жылмандап жол бастаған жаңа танысыма қарадым:

— Сорлы екенсің ғой! — Енді жаңағы төрт-бесеудің арасынан суырылып шығып, кірпі бастың қасына біреуі келді. Ішіне домбытып жел үрлегендей бітеу құлақ неме екен, бұйыра сөйледі:

— Чемоданыңды қалдыр да, тайып тұр бұл арадан! Еканың ақшасынан басқа ішінде не бар еді өзінің?  
— Балағынан биті сорғалаған турсін-дамбасын бар. Басыңа кептеп киейін деп едің? — Көз алдымда шмайй салып сәуле жүгіріп өткендей болды. Шегініп барып құладым.

— Ека, теп, оңдырмай тепкіле! Ол сені «сорлы» деді. — Орнымнан ұшып тұра бергенімде, қолыма сүйір бас тас ілінді: аямаймын, тастың сүңгідей тұмсығын Еканың көзіне не шекесіне қадаймын. Ека — мыналардың ортасындағы бұралқысы білемін, жалғыз-жарымды жарға жетелеп әкеліп, кірпі бастың тобына жем қылады. Бітеу құлақ — сойыл соғар мықтысы. Бітеу құлақ ұрып жыққанын Ека деген есекке төпкілетіп, оны жалдандырып қояды. Ал ол — барып тұрған су жүрек, қорқақ. — Кел, — дедім мен қалшылдап, — кел, жақындашы маған, мына тастың ұшын көзіңнен кіргізіп, көк желкеңнен шығарайын!  
— Сен де тас ал, ұр, Ека!  
— Тоқтатыңдар, сүмелектер! — Сонадайдан күркіреген өмірлі дауыс естілді. Бәріміз қалт тоқтап, жалт қарастық. Мен бітеу құлақтан көзімді ала бере ту сыртымды шолып үлгерем. Сонда көрдім: талтайып Тапан тұр. Өткен түнде жыртық терезелі автобуспен Алматыға бірге келгенбіз.

«Сенің әуселеңді қалаға барғаннан кейін көремін» деген Тапан еді ол. — Сүмелектер, табандарыңды жақтыратыңдар! — деді Тапан. — Ал, сен, інішек, бері кел. Өзің бір өжет жігіт екенсің. Кел мұнда! — «Адам тонайтын, біреудің бірдеңесін тартып алатын, әсіресе, қара базардағыларды қан қақсататын қаланың қарақшы бұзықтары қайсарлық танытып, қасқайып шыққанды сыйлайды, кейде, тіпті, тобына қосып, қолына «тоқпан жілік ұстатады» деуші еді, Тапан да мені таныған екен ғой. Чемоданыңды тастай қашпай, кірпі бастармен табандасып ұрысқаным, тегінде дұрыс болыпты». Мен Тапанға қарай жүрдім... — Өзің бір өжет жігіт екенсің, — деді Тапан менің қолымды қысып. Алақаны ат аунайтындай жалпақ екен — білезігіңді қапты. — Мен өзіне өзі жауап беретін өжет жігіттерді жақсы көремін. Саған жұмыс керек пе?  
— Керек.  
— Ендеше, ілес соңымнан! Тапанның шетелдік су жаңа жеңіл машинасы бар екен. Рульде — өзі.

— Әлгілермен қалай ілінісіп жүрсің? — деп сұрады ол. Мен Екамен кездейсоқ таныстығымның соңы қанадай пәлеге ұласа жаздағанын айтып отырып, Тапанның жүзін шолдым. Безеуден ойық шұңқыр болып қалған беті бүлк етпеген ол: «Қазір ешкім ешкімді аямайды.

Мен келіп төбелеріңнен түспегенде, шыпаң бітіп еді, бала. Кірпі бастың тобы — нағыз қорқаулар. Чемоданыңда түк жоқ болса да тартып алып, өзінді тепкілеп-тепкілеп мусор жәшікке бүктеп тығып кетер еді. Бір жерінді майып қылса, ештеңе емес, өлтіре салуы да мүмкін еді», — деді. Тапанның «әйтер еді», «бүйтер еді» деген әлгі сөздерінің астарында менің жүрегімді шайлықтырып, қорқытып-үркіту бар сияқты. Мен шалт кеттім:

— Мен де олардың біреуін қанқұстырып, жастығымды ала жығылар едім. Тым болмағанда, Ека деген сүмелектің көзін ағызар едім. — Тапан миғына күлкі үйіріп, маған көзінің құйрығын тастап, мырс етіп қойды.

— Өзің бір өжет жігіт екенсің,

*(жығаят)*

— деді ол бастапқыдағы сөзін қайталап, — ал, маған өжет жігіттер ұнайды. Сосын тәпштеп сұрауға көшті.  
— Бұл қалада кімің бар?  
— Нағашым бар.  
— Ол не жұмыс істейді?  
— Ол — ғалым. Профессор.  
— Про-фессор де!  
— Иә.  
— Кеше неге профессор нағашыңның үйіне барып, шалқаңнан түсіп, шалжиып жатпадың?

— Жеңгеммен баласын ертіп, бір жаққа қыдырып кеткен бе, жабық — есігіне қалада екенімді білдіріп, тілдей қағаз қыстырып кеттім. Профессорды құрметтеп шақыратындар көп қой.  
— Нағашың бай шығар?  
— Болса, болар.  
— Басқа кімің бар қалада?  
— Ауылдастарым жетіп-артылады. Бәрі осында жүр. Базарлардың «үстінен қарайтындары» да бар.  
— Жақсы танысың ба оларды?  
— Танымағанда ше? Бір ауылда өстік емес пе?  
— Ммм, солай де.

— Солай.  
— Сонда да сен солардың біріне жетіп жығылмай, автовокзалға түнеп шықтың, ә?  
— Қас қарайып кеткен соң, ешкімді мазалағым келмеді.  
— Өзің өжет әрі намысшыл жігітке ұқсайсың.  
— Енді... ескертпей, дөңеңе етпей, жеті түнде желпілдеп жетіп барған ыңғайсыз ғой?...  
— Әрине, ыңғайсыз. Оның үстіне сен ауылдастарыңның қайда тұратынын, қай базарларда жүретінін нақты білмейсің. Солай ма?  
— Алматы үлкен қала ғой.

— Иә, үлкен қала. Бұл қалада кімнің кім екенін ешкім біліп болмайды. Алматы үлкен қала ғана емес — апан қала. Алматыға келдің — жұтылдың. Мен секілді ағаң болмаса, мұнда сені қалың тобыр таптап өте шығады. Сондықтан Тапан ағаңа жолықтырған Құдайыңа рахмет айт.

— Құдайға да, сізге де рахмет, Тапан аға!

— Е, міне, осылай де! — Тапанның жеңіл көлігі алдындағы қараң-құраң еткен машиналарды басып озып, құйында-тып келеді. Көнеріп тозған, болдырған «Жигулилер» мен «Москвичтердің» қасына жана-наса бергенде, Тапан шетелдік көлігінің дабылын жаңылмай қағып өтеді.

Советтік ескі машиналар зор кеуделі шетелдік көліктердің қалаға келіп кіргенін мойындағандай ығысып қалып жатыр. Алматының ұсқыны маған ұнамады. Ауа райы бағдарламасымен бірге телеэкаранға жайнап шыға келетін Алматы емес еді бұл. Ол Алматының аспан бойлаған алып мұнарасы бар еді.

Ол Алматының қас бетіне қазақы өрнек қонған әсем үйлері бар еді. Ол Алматының ар жағында асқақтап Алатау тұратын еді.

Ол Алматының саябақтарын да құл ұстасып, қолтықтасып Ай жүзді арулар мен қияқ мұртты, желке шашы толқын-даған бозжігіттер кетіп бара жататын.

Ол Алматыдан шалқыған ән естілетін. Ал, мынау... аяқ жолының шаңы аспанға көтерілген, көшесі ойдым-ойдым, сұр қапталды үйлердің қалтарысына тау болып темір-терсек үйілген, үйінді қоқыс басқан суық, жат қала. Қала емес, оба жайлап, дерт соққан, со-

дан қаңырап бос қалған тірі өліктер мекені ме дерсің... Әлде, әлдебір жаққа көшіп, ауып кеткен баяғы алма бақты Алматының елесі ме екен бұл қаңсыған жұрт?.. Өне бір адамдар қандай сұрықсыз... алба-жұлба киінген, иықтары сәлбірейген, сүзектен тұрып, сүзек сүйретіп, маңайына жұқпалы ауру таратып жүрген қайырсыз жандарға ұқсайды шетінен. Көлігіміз қаладан ұзап барды да, чермент қабырғалы бір ұзын қораның алдына кеп тоқтады.

— Келдік, бала, — деді Тапан. — Сен істейтін жұмыс осында. Екі білегіңді сыбан да кіріс. — Мұнда мен не істеймін?  
— Мына қойманың іші толы құмыра. Құмыра жуасың. Жуылған құмыраларды тараларға салып, келесі қоймаға тасисың. Ол қоймада менің «қарақ шығаратын зауытым» бар. Самопал. Алматының халқы самопал ішкіш. Солардың «шөлін» басу үшін саған құмыра жуып, су араласқан қытай спиртінен «арақ ашытуға» тура келеді.

— Самопал. Құмыра жуу... Одан басқа жұмыс жоқ па, Тапан аға?

— Басқа жұмысты қайтесің? Менің бұдан өзге жұмысымды сен істей алмайсың?  
— Айтып көрсенішші, бәлкім, қолымнан келер?  
— Кісі өлтіру, байларды тонау, қыз ұрлау, жезөкшелерді сату... қолыңнан келе ме?  
— Қойыңыз, әзіліңіз шығар?  
— Мен әзіл дегенді білмеймін. Әзілдескенді және жаным сүйме... Мені өмір әзілдеп, еркелеткен емес. Мен де пенде баласының еркелігін көтере алмаймын.

Бағанадан бері машинамда шалқалап отырдың, біле білсең соның өзіне әрең шыдап келдім. Бұдан әрі бәрі басқаша болады. Мен не айтамын — сен соны істейсің. Істемейді екенсің — аяқ-қолыңды сындырамын. Мына чемоданың бұдан былай менің қолымда болады.

— Онда мен сенің құмыраларыңды тегіс қиратып, спиртіңе от қойып, қоймасымағынды бір түнде өртеп жіберемін!  
— Ей, бері келіңдер! — Тапанның дауысын ести сала іштен бурадай шабынып екі дәу шықты. — Мынаны алдымен тәртіпке салып, сосын құмыралармен құшақтастырып қоймаға тығындар. Қашып кетсе, бастарыңмен жауап бересіңдер! — Осыны айтып Тапан маған қарап ысылдады: — «Қораға кіресің» деп едім ғой, бала.

Қораға кірдің әбден, енді бұл қорадан шығу жоқ саған. Үйірден қуылып, азар да безер күн кешетін қасқырдың қорқауы жалы құлағын жапқан жабағыны қорқытпайды, алдымен алдап ойнайды. Жабағыны жанына үйір қылып алған соң, бұрап соғады.

**6** Сүзіліп, тазартылмаған су аралас спиртке толы бөтелкелер қалаға тізіліп кетіп жатады, мойындары қылқиып, босап келіп жатады. Күніне пәленбай мың құмыраны жуып, пәленбай мың құмыраға қолдан жасалған көк арақты көлкілдете құйып, Алматыға аттандырамыз.

Соның бәрі салдырлап бос қайтады. Арақкеш Алматы ішкілікке әбден салынған: Тапанның «зауытынан» шыққан самопалдың тамшысын қалдырмай жалап-жұқтап, құмыраларды құрғақ қайтарады.

*(Басы өткен сандарда. Жалғасы келесі санда)*

## ҚАНТ ДИАБЕТІ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасы бойынша, қант диабеті – инсулин секрециясының, инсулин әрекетінің немесе екеуінің де ақауының нәтижесі болып саналатын ауру. Ол қандағы глюкозаның жоғарылауымен сипатталады. Басқаша айтқанда, диабет инсулин жеткіліксіз өндірілгенде немесе оның әсері төмендегенде пайда болады. Қант диабетінің қандай түрлері бар? Қант диабеті – тағамды қорыту кезінде қанға түсетін қантты (глюкозаны) ағзамыздың жасушаларына сіңіру қиынға соғатын жағдай. Қант (глюкоза) – дене жасушаларының негізгі энергия көзі.

Инсулин қантты қаннан жасушаларға жылжыту және оны энергияға айналдыру үшін қажет. І типті қант диабетінде ұйқы безі инсулин бөлмейді. ІІ типті қант диабетінде инсулин жеткілікті болуы мүмкін, бірақ дұрыс жұмыс істемейді. І типті қант диабетінде инсулин шығаратын ұйқы безінің жасушалары жойылып, инсулиннің абсолют тапшылығына әкеледі. Бұл бұзылудың себебі аутоиммундық процестердің нәтижесінде вирустардың (тұмау вирусы, Коксаки, паратиф, коронавирус және т.б.) әсерінен иммундық жүйе өз тіндерін танымай, қарсы антиденелер шығарып, өз ағзасының ұлпаларын жояды. Бұл жағдайда инсулин синтезіне жауапты жасушалар антиденелермен жойылады. Балаларда қант диабетінің пайда болу себептері қандай?

Біріншіден, вирустық инфекциялар: қызамық, желшешек, паротит, Коксаки вирусы, вирустық гепатит, коронавирустар. Екіншіден, ана сүті – өте маңызды фактор. Финляндияда жүргізілген зерттеу қант диабетінің осы түрімен ауыратын барлық баланың нәресте кезінде ана сүтімен қоректенбегенін көрсетті. Үшіншіден, балаға ерте бастан сиыр сүтін беру. Сиыр сүтінде ақуыз бар. Бұл зат ұйқы безінің бета жасушаларын бұзатын антиденелердің пайда болуына ықпал етеді. Төртіншіден, аутоиммундық реакция факторлары, генетикалық (туа біткен) бейімдік. Ата-анасы (біреуі немесе екеуі) осы ауруға шалдыққан болса, балаларында қант диабетінің осы түрінің даму ықтималдығы жоғары болады. Бесіншіден, психологиялық күйзеліс. ІІ типті қант диабетінің пайда болу себебіне келсек, көп жағдайда артық салмақ, қозғалыстан аздығы және дұрыс тамақтанбау.

Бұл факторлардың генетикалық бейімдікпен үйлесуі қауіпті. Бұған қоса, бұрынғы Халықаралық қант диабеті федерациясының президенті Пьер Лефевр атап өткендей, «қант диабетінің әлдеқайда жасарып кеткені ерекше алаңдатады». Кейінгі он, жиырма жыл көлемінде майлы фастфуд өнімдерінің көбеюі, компьютер мен теледидар алдында шамадан тыс көп уақыт өткізу, қимыл-қозғалыстың азаюы балалар мен жасөспірімдер арасындағы семіздікке алып келді.

Семіздік – диабетке бастайтын жол. Қант диабетінің алғашқы белгілері 1) Полиурия – зәр шығарудың жиілеуі, зәр мөлшері 3-4 литрге дейін артады. 8-10 литрге дейін жетуі, одан да көп болуы мүмкін. Бұл – ең жиі кездесетін белгі; 2) Үнемі аш сияқты сезіну, дене салмағының азаюы, шамадан тыс ішіп-жеу; 3) Аз уақытта көп салмақ тастау; 4) Әлсіздік, шаршау, ұйқышылдық,терлеу, жұмыс істеу қабілетінің төмендеуі; 5) Бас ауруы, бас айналу, бастың ауырлығы, тітіркену және ашуланшақтық, ұйқының бұзылуы; 6) Терінің және шырышты қабаттардың тұрақты және қарқынды қылашуы; 7) Тері өзгерістері. Бет пен иектің қызаруы; 8) Тыныштықта немесе түнде аяқ-қолдың ауыруы, ауырлық сезімі, балтыр бұлшығетінің жиі тартылуы, аяқ-қолдың жансыздануы және шаншылуы; 9) Жүрек айнуы, құсу, іштің ауыруы; 10) Инфекцияға төзімділік төмендеуі. Балалардың қант диабетінің ерекшелігі – аурудың қатты екпінмен басталуы.

Балаларда аурудың жеңіл түрі кездеспейді. Асқынуга бейім. Асқынудегенде ги перглукемиялық және гипогликемиялық команы айтамыз. Балалар арасындағы қант диабетін емдеу және асқынудың алдын алу жолдары Қант диабетінің І түрін емдеу жолы біреу-ақ: инсулин қабылдау.

Қазір инсулиннің көптеген түрі бар. Олар тұрақты инъекциялар режимінде, помпалы инсулин терапиясы әдісімен немесе инсулин препараттарының тұрақты инфузиясы режимінде де қолданыла береді.

Бұл – толықтырушы терапия, яғни науқастар ағзада жетіспейтін инсулинді сырттан алады. Қант диабетінің І түрінде науқастар ішкен тағамының көлеміне қарай инсулинді қажетті мөлшерде салады. Қандағы қантты қалыпқа келтірудің ең маңызды шарты – рационал тамақтану. Ең бастысы, дұрыс тамақтану жүйесі қандағы глюкозаның тамақтанғаннан кейін көтеріл-меуіне мүмкіндік береді. Мұндай тамақтану барлық адам үшін пайдалы. І типті қант диабетінің алдын алу екі кезеңге бөлінеді. Біріншісі аурудың басталуына дейін жүзеге асса, екіншісі аурудың клиникалық кезеңі пайда болған кездегі профилактика.

Бастапқы профилактика Ата-анасы қант диабетімен ауыратын балаларға генетикалық зерттеу жүргізу. Болашақта дамыған елдерде І типті қант диабетіне генетикалық бейімдікті анықтау үшін жаңа туған нәрестелерді жаппай скринингпен тексеруді енгізу жоспарланып жатыр. Қазіргі уақытта мұндай сауалнамалар Финляндияда және Италияның кейбір аудандарында жүргізіледі; Құрсақшілік және балалар мен жасөспірімдердің инфекцияла-рының алдын алу, ұйқы безінің бета жасушаларын бұзатын аутоиммунды процестерді тудыруы мүмкін балалар тағамынан шектеу, жоғары сапалы суды пайдалану, балаларға газдалған тәтті сусындар мен пластик ыдыстағы газдалған сусындар, лимонад, шырындар мен жасанды сүт бермеу – балаларда қант диабетінің алдын алу шаралары болып табылады.

Ата-аналардың жиі қоятын сұрақтары Баланың артық салмағы қант диабетін білдіреді ме? Балалардағы қант диабе-ті семіздіктен дамымайды. Дегенмен, болашақта дұрыс тамақтанбау мен өмір салтына байланысты семіздік пайда болуы мүмкін. Және бұл есейгенде қант диабе-тінің пайда болуына қауіп факторы болып табылады. Тәттілер жеу қант диабетіне шалдығуға себеп бола ма?

Тәттілер, сондай-ақ артық ұн балалардағы қант диабетінің дамуына әкелмейді. Бірақ олар метаболикалық бұзылуларды және ересек қант диабетінің дамуын тудыруы мүмкін. Баланы қант диабе-тінен емдеуге бола ма? Егер диагноз дұрыс қойылса, ауру жойылмайды. Қант диабетімен өмір сүруді үйрену керек: глюкозаны бақылау, көмірсуларды санау, физикалық белсенділікті жоспарлау және т.б. Құрамында фруктоза бар тағамдарды жесеңіз, қант диабетінің дамуын болдырмауға болады ма? Фруктоза глюкозаға айналады, бірақ қарапайым қантқа қарағанда баяу. Балалық шақтағы қант диабетінің дамуы тәттілерді қабылдауға байланысты емес

Бірақ егер балада қант диабеті дамыған болса, ол әлі де азық-түліктегі көмірсулардың мөлшерін (тіпті фруктоза түрінде) санауы керек. Ересектер мен балалардың фруктозаға бай тағамдарды шамадан тыс тұтынуы көмірсулар алмасуының бұзылуына, одан әрі семіздікке әкелуі мүмкін. Қант диабетімен ауыратын балаларға спортпен айналысуға болмайды ма? Керісінше, спортпен айналысу қажет.

Қант диабетімен ауыратын балаға бұлшықеттерді, сүйектерді және жүректі нығайту үшін жаттығулар қажет. Физикалық жаттығулар қандағы глюкоза деңгейін төмендетеді – бұлшықет жасушаларының оны тұтынуын арттыру арқылы жасушалардың инсулинге сезімталдығы артады.

Дегенмен, қандағы глюкозаны бақылау да қажет: глюкоза деңгейі өте төмен немесе өте жоғары болса, жаттығу жасай алмайсыз. Егер балаңызда жоғарыда аталған белгілердің бірі барына күдіктенсеңіз, міндетті түрде балалар эндокринологына жолығыңыз.

**Ғ. А. ҚҰБАЕВ,**  
**Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау-басқармасының басшысы.**

|                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |  |  |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
|                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |  |  |
| <b>Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.</b> | <b>Ойыл</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |  |  |
|                                                                                                                                                                                          | <p>Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p> <p>Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров</p> <p>Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат</p> <p>Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.</p> <p>Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.</p> |  |  |
|                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |  |  |

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1330 дана. Тапсырыс 965 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

## ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ-ТАМЫЗ КЕҢЕСІНІҢ НЕГІЗІ БАҒЫТТАРЫ

ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ПЕДАГОГТЕРДІҢ ДӘСТҮРЛІ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ «БІЛІМ КЕЛЕШЕГІ: АДАЛ АЗАМАТ ЖӘНЕ КӘСІБИ МАМАН» ТАҚЫРЫБЫНДА ӨТКІЗІЛДІ. ІС-ШАРАҒА АУДАН ӨКІМІ, ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ӨКІЛІ, АУДАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ МЕН ПЕДАГОГТЕРІ ҚАТЫСТЫ.



Бөлім басшысы Есенгелді Бегалин өз баяндамасында білім саласында қол жеткізілген жетістіктерді саралап, шешуді қажет ететін мәселелер мен оларды жетілдіру жолдарын атап өтсе, аудан әкімі Асқар Қазыбаев педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, Мемлекет басшысының білім беру саласына қатысты тапсырмаларын тілге тиек ете отырып, ұстаздар алдында тұрған маңызды міндеттерге тоқталды. Сондай-ақ, өткен оқу жылында еңбек жетістіктерімен ерекшеленген бірқатар педагогтерді аудан әкімінің алғыс хатымен марапаттады.

Облыстық білім басқармасы атынан арнайы келген өкіл, бөлім басшысы Гүлжан Құлыбекова сөз сөйлеп, ауданның білім беру саласындағы жетістіктері мен даму бағыттарын талдап көрсетті. Сонымен бірге, облыстық білім басқармасы басшысының алғыс хаттарын табыстап, үздік педагогтердің еңбегін атап өтті.

Кеңес барысында аудандық білім саласы қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы төрағасы мен аудандық білім бөлімінің басшысы да бірқатар ұстаздарды алғыс хаттармен марапаттады. **P.S. ШАРАНЫҢ ШЫМЫЛДЫҒЫ** Халқымыздың ұлы ойшылы, кемеңгер АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ 180 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН МАЗМҰНДЫ САХНАЛЫҚ ҚОЙЫЛЫММЕН ТҮРІЛДІ. Бұл қойылым – ЖАЙ ҒАНА САХНАЛЫҚ КӨРІНІС ЕМЕС, КӨРЕРМЕННІҢ ЖАНЫН ТЕРБЕП, ЖҮРЕГІН ШЫМЫРЛАТҚАН ЕРЕКШЕ РУХАНИ ӨСЕРГЕ АЙНАЛДЫ. Ұлы Ақынның мәңгілік мұрасы САХНАДА ТІРІЛІП, ӘРБІР ШУМАҚ, ӘРБІР ОЙЛЫ

СӨЗ ЖАНАРҒА ЖАС ҮЙІРІП, ТЫҢДАУШЫҒА ОЙ САЛДЫ. ЗАЛДА ОТЫРҒАН ҰСТАЗ ДА, ЖАС ШӨКІРТ ТЕ, ҚАДІРЛІ ҚОНАҚ ТА БІР СӨТКЕ ТЕРЕҢ ТОЛҚЫНЫСҚА БӨЛЕНДІ. ДАНА ОЙШЫЛДЫҢ МҰРАСЫ – ӘР ДӘУІРДІҢ ШАМШЫРАҒЫ. ОНЫҢ ӨСИЕТІ – ЕҢБЕКТЕГЕН БАЛАДАН ЕҢКЕЙІГЕН ҚАРИЯҒА ДЕЙІН ҚАЗЖЕТ, УАҚЫТ ӨТКЕН САЙЫН ҚЫМБАТТАП, ҚҰНДЫЛЫҒЫ АРТА ТҮСЕТІН АСЫЛ ҚАЗЫНА. АБАЙДЫҢ СӨЗІ БІЗДІ ІЗГІЛІККЕ, ӨДІЛДІККЕ, БІЛІМГЕ ҮНДЕЙДІ. Бұл – БҮГІНГІ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ БАСТЫ ТАҚЫРЫБЫ «БІЛІМ КЕЛЕШЕГІ: АДАЛ АЗАМАТ ЖӘНЕ КӘСІБИ МАМАН» ҰРАНЫМЕН ҮНДЕСІП, МАҒЫНАЛЫҚ ТҰТАСТЫҚ ҚҰРАЙДЫ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВ АТАП ӨТКЕНДЕЙ: «БІЛІМ ТӨРБИЕМЕН ҰШТАСАҚАҢДА ҒАНА БЕРЕКЕЛІ, САПАЛЫ БОЛАДЫ. БІЛІМ МЕН ТӨРБИЕ – КЕЗ КЕЛГЕН ҚОҒАМНЫҢ ҚОС ТҰҒЫРЫ. БІЗ ЖАСТАРДЫҢ АДАЛ ӘРІ ЕҢБЕКҚОР БОЛЫП ӨСУІНЕ ЕРЕКШЕ МӨН БЕРУІМІЗ ҚАЗЖЕТ». ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ Бұл ОЙЫ ТАМЫЗ КЕҢЕСІНІҢ МАҚСАТ-МІНДЕТІН АЙҚЫН-

ДАП БЕРДІ. АЙРЫҚША АТАП ӨТЕР ЖАЙТ – БИЫЛДАН БАСТАП ЕЛІМІЗДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП ОТЫРҒАН «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӨРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН. Ұлы ойшылдың бұл тағылымы – АДАМДЫ ЖҮРЕК ТА-ЗАЛЫҒЫ, АҚЫЛ ПАРАСАТЫ ЖӘНЕ ҚАЙРАТ КҮШІ АРҚЫЛЫ КЕМЕЛДІККЕ ЖЕТ-КІЗЕТІН ІЛІМ. ДЕМЕК, АТАЛ-МЫШ БАҒДАРЛАМА ЖАС ҰРПАҚ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ СІңІРІП, ЕЛІН СҮЙГЕН, ЕҢБЕКСҮЙ-ГІШ ӘРІ ЖАҢАШЫЛ АЗАМАТ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТ-ТАЛҒАН АСА МАҢЫЗДЫ ҚА-ДАМ БОЛЫП ӨТІР. КӨРЕРМЕН КӨНІЛІН БАУ-РАҒАН САХНАЛЫҚ ҚОЙ-ЫЛЫМДЫ АУДАНЫМЫЗДЫҢ ӨНЕРГЕ ЖАҚЫН ҰСТАЗДА-РЫ МЕН ПОЭЗИЯҒА ҚҰШТАР ОҚУШЫЛАРЫ ДАЙЫНДАДЫ. ОЛАР АБАЙ ӨЛЕНІН САХ-НА ТӨРІНДЕ ОҚЫҒАНДА, АҚЫННЫҢ ҚҰДІРЕТТІ ҮНІ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРЫП, ЗАЛ-ТОЛЫ ЖҰРТШЫЛЫҚ СОЛ СӨТТІ ЖҮРЕКПЕН СЕЗІНДІ. Бұл – ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ РУХАНИ БЕТАШАРЫНА АЙ-НАЛҒАН ТАРИХИ СӨТ БОЛ-ДЫ.



## ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ЖАС САҚШЫЛАРЫ ШЫҒЫСТА ЖИНАЛДЫ

ӨСКЕМЕНДЕ ЖАС ЖОЛ ИНСПЕКТОРЛАРЫНЫҢ ХХ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЛЕТІ ӨТТІ. ҒАЗИЗ БАЙТАСОВТЫҢ ЕСІМІМЕН АТАЛҒАН Бұл АУҚЫМДЫ ШАРА БІРНеше күн бойы жасөспірімдерге жол қауіпсіздігін сақтаудың маңызын үйретіп қана қоймай, өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді. ШАРАҒА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ Өңірінен және көршілес мемлекеттерден келген жас инспекторлар қатысты.



Ақтөбе облысының намысын бұл додада аудандық және облыстық кезеңдерде жеңімпаз атанып, республикалық кезеңіне жолдама алған Шәрбану Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының «Ақ орда» командасы қорғады.

Қатысушылар жол жүру ережелері бойынша білімдерін сынап, алғашқы көмек көрсету машықтарын көрсетті. Сондай-ақ, жол қауіпсіздігін арттыруға бағытталған жаңа идеяларымен бөлісті. Слет қортындысы бойынша «Ақ орда» командасы белсен-

ділігі, ұйымшылдығы үшін Алғыс хатпен марапатталды. Сонымен қатар оқушыларда жеке марапаттарға ие болды. «Автокалалықта велосипед жүргізу» сайысы бойынша ер балалар арасынан Нұрислам Базарғали III орын, қызы балалар арасынан Кәусар Бітімбаева III орын иеленді, және Кәусар мен Нұрислам командалық есепте 3-ші орынды еншіледі. «Велосипедті мәнерлеп жүргізу» сайысында Гаухар Амангелдіқызы да 3 орынға ие болса, «Жас Эрудиттер» сайысында Камилла Дулатова 3-ші орынға табан тіреді.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлер бағалы сыйлықтар: гироскутерлер, ноутбуктар, планшеттер, смарт-сағаттар, телескоптар және басқа да заманауи техникалық құрылғылар, оған қоса әрбір қатысушы естелік ретінде рюкзак пен моноподты сыйға алды.

### МЕРЕУ

## ҚАДІРІ БӨЛЭК ЖАН



Кісілікті қалыптастыру үшін оқу-тәрбие, мәдени орта мен жұмысты, сондай-ақ жігерлілікті, ерік-күшті, байқағыштықты, сезімталдықты, әлеуметтік толыққандылықты жетілдіру қажет. Осындай түйінді тағылымды ұғымдарды өміріне арқау еткен, бойына қалыптастырған азаматтардың бірі — Қуаныш Нұршин.

Ол Жеңіс туы желбіреген 1945 жылы Ойыл ауданы, сол кездегі «Құрман» колхозының орталығы Қарасуда майдангердің отбасында дүниеге келеді.

Әкесі Маху соғысқа дейін Ойыл ауданында әскери комиссариатта қызметкер, Алтықарасу орта мектебінде әскери жетекші болған. 1941 жылы армия қатарына шақырылып, ел қорғау жолында Украина, Белоруссия майдандарында алғы шепте болған. Витебск түбіндегі шайқаста ауыр жарақат алып, оң аяғын тізеден төмен кестіріп, 1944 жылы елге оралады. Мінезі қаталдау, тәртіпті берік ұстанатын, мейлінше шыншыл адамеді. Отан соғысы», «Қызыл жұлдыз» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Зайыбы Қымбат дүниеге он бала әкеліп, тәрбиелеп, «Батыр ана» атанды.

Соғыстан кейін Маху майдангер аудандық партия комитетінде нұсқаушы, «Құрман» колхозы басқармасы төрағасының орынбасары, Қызылқорған ауылдық тұтынушылар кооперативінің төрағасы, одан соң зейнет демалысына шыққанға дейін әскери комиссариатта қызмет жасады.

Алтын құрсақ ананың үшінші перзенті Қуаныш 1952 жылы мектеп табалдырығын аттап, 1963 жылы Ойыл орта мектебін орыс тілінде бітіріп шықты. Сол жылы Ташкент қаласындағы ауыл шаруашылығы институтының экономика және ұйымдастыру факультетіне оқуға қабылданып, оны 1971 жылы тәмамдап шығады. Студент кезінде Кеңес армиясы қатарына шақырылып, 1964-1967 жылдары әскери борышын атқарып келеді. Жауынгерлік шындалудан өткен ол 1967 жылы аталған институттың екінші курсынан оқуын жалғастырып, оны ойдағыдай бітіреді.

Сол кезде үлгерімі жоғары үздікстудентті, ізденгіш, қоғамшыл, белсенді жасты аспирантураға қалдыруға жолдама беріледі.

Алайда ғылымға еңбек жолы арқылы баруды көздеген ол елге оралып, аудандық ауылшаруашылық басқармасына қызметке орналасып, мамандығы бойынша еңбек жолын бастайды. Кейін сол мекемеде бас агроном бола жүріп, өзінің жаңашылдығымен, табандылығымен танылады. Жігерлі жас маман жоғары басшылықтың назарына ілігіп, аудандық партия комитетінің аппаратына қызметке шақырылады.

Он жылдай елде еңбек етіп, тәжірибеде шындалған соң ғылым жолын да ойластыра бастайды. Сөйтіп, 1982-1984 жылдары Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтында аспирантураға қабылданып, аға ғылыми қызметкер дәрежесінде ізденіс жолына түседі.

«Қазақстанның жартылай шөл далалық аймақтарында ірі қара мал етін өндіруде мал азығын интенсификациялау» тақырыбында диссертация жазып, бұл еңбек экономика кафедрасы мен ұйымдастыру және басқару, агрономия және ботаника кафедрасының кеңейтілген отырысында талқыланып, Мәскеудегі ғылыми-зерттеу институтында қорғауға ұсыныс жасалған. Қазақстан ғалымдарының өтініші қабылдап, жас ғалымның жаңашылдығын мойындап, ұсыныстарын мақұлдап, сол мекемеден қорғау мерзімі көрсетілген шақырту қағазы да келген. Алайда әртүрлі жағдайға байланысты диссертацияны қорғауға барудың сәті түспейді.

Қуаныш Махұұлы 1990 жылдың қаңтар айында Ойыл аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланды. Бұл қызметте де оның іскерлік іздері сайрап жатыр. Аудан орталығында су құбырларын жүргізу жұмыстары, телевидениеге сапалы антенна орнату жұмыстары атқарылды. Ойылдан 350 шақырым жердегі Мұнайлы мола аумағынан аудан орталығын асфальттау мақсатында кир тасылды. Бір ғажабы, осы асфальт материалдары іскерлік келісім нәтижесінде тегін алынды. Соның нәтижесінде басты екі көше тәп-тәуір асфальтталды.

Ол кезде іскер, тынымсыз еңбек ететін кадрларды артта қалған шаруашылықтарды басқаруға жіберу әдісі болатын. Осы есеппен Қуекең Ш. Берсиев атындағы кеңшарға директор болып тағайындалды.

Ақиқатын айталық, бұл шаруашылықта сол тұста көп шаруа тындырылды. Қыстақтарда мал азығы қоры тиянақталды, қысқа түсетін малдың қондылығы басты назарға алынды. Егіншілікпен қатар төрт түлік мал өсірілетін кеңшарда 1991 жылдың қысы іс басындағы азаматтарға айтарлықтай сынақ болды. Атқарылған шаруалардың нәтижесінде қыстан ел қатарлы шықты. Нар көтерер жүкті көтерді.

Сол тұстарда бас мамандарды жанына ерте жүріп, дала қостарында түнеп, малшы қауымның жанынан табылды. Ағаның ақылын алды, ініні іске қосты. Осындай қажырлы істің, қайтпас қайраттың нәтижесінде ауылдың ажары, шаруашылықтың шырағы кірді, елдің еңсесі көтерілді.

Қуаныш Махұұлы 1993-2008 жылдары Ақтөбе ауданы ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы, облыстық тұқым инспекциясының басшысы, облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалану департаментінде бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Одан кейін «Ақтөбе-Полис» сақтандыру қоғамы тұтыну кооперативінің төрағасы болды.

Адал еңбек қай кезде де ескеріледі, бағаланды. 1980 жылы Мәскеудегі ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысып, кезектен тыс «Нива» көлігін сатып алу марапатына ие

болды. «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Конституциясына 20 жыл», «Еңбек ардагері» медалдарын кеудесіне тақты.

2013 жылы Ұлттық ұйымдастыру комитетінің бизнес рейтингі қорытындысымен «Қазақстан даңқы» төсбелгісімен және «Еңбектегі жетістіктері үшін» медалімен, облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Өзі туып-өскен өңірдің экономикалық дамуына қосқан елеулі еңбегі үшін 2020 жылы оған «Ойыл ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. Зияткер отбасынан шыққан, Байра сияқты ұлағатты ұстаз ананың мектебінен ұшқан Анет Өтеғалиқызы азаматы Қуаныштың атына сай, мерейі қатарынан үстем болуына үлкен үлесін қосты.

Ол өз кәсібін жетік меңгеріп, жиырма үш жыл Ойылда, жиырма жыл Ақтөбе қаласы іргесіндегі Қарғалы аудандық ауруханасында жоғарғы санатты көз дәрігері қызметін мінсіз атқарды. Еселі еңбегінің нәтижесінде қалалық, облыстық және Денсаулық сақтау министрлігінің бағалы сыйлықтарымен, Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталды.

Қуекең мен Анеттің тұңғыштары Мұрат Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының орман және аңшылық факультетін бітіріп, Ақтөбе облысында алғашқы аңшы-саятшы маман болып жұмыс жасады. Өкінішке қарай, өмірі қысқа болды. 2011 жылы дүниеден озды. Артында жолдасы Жайна мен Малика, Мирас, Мадияр есімді ұрпақтары қалды. Өңірдегі тұңғыш аңшы-саятшы маман ретінде Ойыл ауданында Мұраттың атында аңшылық қорықшылды.

Екінші ұлы Қанат Қазақстан көлік және коммуникация академиясының құрылыс факультетін бітірген. Ол Хромтау-Алтысарин теміржолын салушылар қатарында саналады. Ақтөбе облыстық құрылыс басқармасында бөлім жетекшілігінен басқарма бастығы дәрежесіне дейін көтерілді. Ресейдегі Ржев қаласында Қазақстандық жауынгерлерге арналған монумент құрылысына басшылық жасап, мерзімінде аяқталуына ықпал етті.

Жарас, Олжас, Саида ұл-қыз өсіруде. Келіншегі Әлия — кәсіпкер.

Қуаныш ағаның жалғыз қызы Гауһар — Ақтөбе пединститутының шет тілі факультетін бітіріп, Атырауда «Теңіз-Шевроил» компаниясында аудармашылық қызмет атқарады. Күйеубала Асқар да осы компанияда инженер.

Балаларынан өрбіген немере, жиендердің өсіп келе жатқаны, әрбір әтесті қылықтары арасы мен жетісінен аңаңтандырып, өмір сүруге құштарлықтарын арттырып отырады. Адам қанша жасқа келсе де, жолдас керек. Сексеннің сенігіне қол созғанымен, жаны сергек, жүрегі жалынды Қуаныш Махұұлымен талай жылдан бері өмірде, еңбекте қатар келе жатқан Түлкібай Сәдірбаев, Әмір Бектаубаев, Мұхамбет Ешмұқан секілді абзал азаматтар оның қадірін арттырып, мәртебесін көтеріп жүреді.

Бұл — ең алдымен, Қуекеңнің жақсылығы!

**ҚҰЛЫБАЙ БАҚТАРБАЕВ,**  
білім беру саласының ардагері.